

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № А-7/1369 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23546 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Көкшетау қалалық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Көкшетау қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-9/3497 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6108 болып тіркелген);

2) "Көкшетау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-9/3497 "Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қазандағы № А-10/1538 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8091 болып тіркелген).

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б.Файса

"КЕЛІСІЛДІ"

Көкшетау қалалық аумақтық сайлау
комиссиясымен

2021 жылғы 14 шілдедегі
№ А-7/1369 қаулысына
қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 29.12.2022 № А-12/2604 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Көкшетау қаласы	<p>Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар</p> <p>"Юбилейный" шағын ауданы, "Бакалея" дүкені ғимаратының оң жағында</p> <p>Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, "Тігін фабрикасы" аялдмасының сол жағында</p> <p>Мұхтар Әуезов көшесі, "Базар" аялдмасының сол жағында</p> <p>"Васильковский" шағын ауданы, "Сырымбет" дүкенінің ғимаратына қарама-қарсы</p> <p>Кенесары Қасымұлы көшесі, "Достық" дүкені ғимаратының сол жағында</p> <p>Төлеу Сүлейменов көшесі, "Жібек Жолы" базары ғимаратының сол жағында</p> <p>Осипенко көшесі, "РИО" сауда ойын-сауық орталығы ғимаратының сол жағында</p> <p>Рақымбек Сабатаев көшесі, "Ақмола облыстық ауруханасы" аялдмасының сол жағында</p> <p>Станиславский көшесі, "Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының № 14 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы</p> <p>Абай көшесі, "Истоки Кокшетау" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратына қарама-қарсы</p> <p>Талғат Бигельдинов көшесі, "Бурабай спорт кешені" аялдмасының сол жағында</p> <p>Оразбек Қуанышев көшесі, "Ауыл шаруашылығы институты" аялдмасының оң жағында</p>
2	Красный Яр ауылы	<p>Достық көшесі, "Темирлан" дүкені ғимаратының сол жағында</p>

		Желтоқсан көшесі, "Наурыз" дүкені ғимаратының сол жағында
3	Станционный кенті	Юбилейная көшесі, "Синегорье" дүкені ғимаратының оң жағында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК